

АҚТӨБЕ

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ



Евгений БРУСИЛОВСКИЙ

Ол құлпн Кеңес Одағын-
қазы консерваторияларда
оқитынғардың ішіндегі
жапғыз қазақ консерва-
торияға алыс Қазақстан-
нан, мүмкін, тіпті, құлпн
Орта Азиядан «музыка-
лық Еуропаға терезе
ашып беру» үшін келген
мұңғыз ізденімпаз еді.

Оның мақсаты аса зор
еді, ап мүмкіндігі өте ша-
ғын еді, өмірі де кеңерізе
толы, қиын еді. Сол зор
мақсат пен туған халқы-
ның аяғындағы құлкен жа-
уапкершілікті сезіне
түсу үшін сапарынан ол
ерте есеуі, үнемі шұрығып,
ойын-құлкісіз өмір сүрді.

**Жылауда жүрт қарғап-сілеп көнені,
Жылауда рұқсат беріліпті, себебі,
Жылауда рұқсат беріліпті, себебі,
... күлкім келеді.**

**Жарыса айқай салып жатыр көп аға,
Бір-бірінен қалмау керек додада.
Менің де әкем «халық жауы» атанған,
Сәл қаттырақ жылауыма бола ма?**

Есенғали РАУШАНОВ.

Ертай АШЫҚБАЕВ, «Ақтөбе»

Әрине, болады. Қаттырақтан да
қаттырақ жылауға болады. Есен-
ғали мен біз ілгеріде өткен траге-
диялы ағалардан, ең болмағанда,
жылауға рұқсат берілген сарнауық
ұрпақтың белсенді уәкілдері ретін-
де артық туғанбыз, азаттыққа
малынған аяулы пендеміз-ақ.

Ал Ахмет Жұбанов жылай алған
жоқ... «Коммунист Құдайберген
өзінің педагогикалық, ғылымдық
жұмыстарымен қатар, қоғамдық зор
қызметтер атқарды. Қазақстан Ор-
талық Атқару Комитетінің мүшесі
болды», — деді де... іркілді. Тіпті
әйгілі Әуезовтің өзі: «Біз, Құдайбер-
геннің замандастары әрі достары,
Октябрьден кейін туып жетілген со-
веттік тіл ғылымының, оның ішінде
қазақ тіл білімінің негізін салушылар-
дың бірі болған марқұм Құдайбер-
ген Жұбановтың игі еңбектерін еш
уақыт ұмытпақ емеспіз», — деп...
жақауратуға мәжбүр болды.

Әлгі Қазақстан Орталық Атқару
Комитетінің басына не күн туып еді
немесе «Октябрьден кейін туып же-
тілген советтік тіл ғылымының» ірі
тұлғасы оққа байланған несі? Не
Ахмет Қуанұлы, не Мұхтар Омар-
ханұлы бұл хақында тіс жара алмап-
ты. Әлгі екі мақаланың («Өнегелі
өмір», «Ірі оқымысты») тамақтары-
на тас тығылып тұр. Қ.Жұбанов —
еңбектері бар, өзі жоқ бейне.

Жарайды, бұлар әрде жазыл-
ған дүниелер дейік, Қазақ ССР
Мемлекеттік сыйлығының №2 лау-
реаты Хамза Есенжанов (№1 —
Тахауи Ахтанов) тіпті беріде, 1969
жылы жазған «Ғалымдар ағасы»
атты мақаласында: «Ол аз өмір
сүрген, бірақ өз өмірінің ішінде те-
рер білімділік, талапты ғалымдық,
сүйікті ұстаздық, ірі мәдени қай-
герлік сапында үлкен із, жар-
қан бейне қалдырып кеткен жан»,
— деп өннен аспай қойды. Неге аз
өмір сүрді, мәдени қайраткерлігінің
көріністері қандай еді? Жұмбақ.

Данагөй Әбіш Кекілбаев бір ма-
қаласында Қасым Аманжоловтың
бір шумақ өлеңін келтіріпті:

«Ей, Қасым, адасуға хақың бар
ма, адасқан, арашалап қалатұ-
ғын Мұхтар, Сәбит, Ғабиттей
атың бар ма?!».

Сәбит, Ғабитті кім білген,
Лениндік сыйлықтың лауреаты

атанған Әуезовтің өзі ақырғы күнге
дейін екі елі аузына төрт елі қақпақ
қойып сөйлеген деседі. Ол сөйтіп
жүргенде... Ахаңның — Ахмет
Жұбановтың көз жасын кім көтер-
гендей еді.

Ахмет Жұбанов — жылай алма-
ған жүрек, өксік буып өткен
көкірек.

Ең опыныштысы, оқымысты-
лығы зор Құдайбергеннің інісі
екенін мақтанып айтар күн қолы-

түсерлік, интеллект тұрғысынан
алаштың алдында тұратын сол
ортада да Ахмет Қуанұлы айтқан
әңгіме төрге озғысы келмейді: әрі
кеткенде — тапқыр уәж, зілсіз әзіл,
зиянсыз юмор... Пәленбай мақала,
пәленбай кітап жазған ақылды
бас тоталитаризмдік идеология
сызып қойған әлеуметтік-саяси
шеңберден шығып кеткісі келген-
дердің тұмсығы тасқа қалай соғы-
лғанын әбден-ақ көріп, тойып бол-

ҮР ЕЙ



Erkezali RAXMATYEV

Мұхтар Әуезовтің
құлы қазақ ошылы Абай
дұңғасын әлемге таны-
тып, ұқтырғаны сияқ-
ты. Ахмет Жұбанов
өзінің ғылыми еңбектері
мен нақты қызметі ар-
қылы Құрманғазы мен
Дәулеткерейдің, Біржан
мен Мұхиттың,
Тәттімбет пен Ықыпастың,
өткен дәуірлердің
өзге де көптеген халық
композиторларының
заға жетпес мұрапары
мен мәңгілік бейнесерін
көлер ұрпақтар үшін
ашып көрсетіп, табыс
етті.

на қонбай кеткен ғой. «Әй, жоқ»
дерсіз. «Құдайберген ақталғалы
қашан» дерсіз. Солайы солай ғой.
Бірақ Құдайбергенді оятсаң
Байтұрсынов, Жансүгіровті қол-
паштасаң Мағжан еске түсе бер-
ретіні бар заманның қай қитұрқы-
сына ине бойлап болып еді. Ахмет
ағасымен мақтанса, қылмыспен
семірген қысастықтар әр бұрыш-
тан тағы да анталап шыға келетінін
неге ұмытсың.

37-ші жылы Құдайберген Жұба-
нов халық жауы ретінде ұсталып
кеткеннен кейін жас Ахметтің
көкірегі сырты бүтін, іші түтін қан-
дай үрейлі күй кешкенін болжау-
дан ауыр мұң бар ма?!

Ахметтің өзі де халық жауы
тізіміне лайық соқталы кандидат
еді: қазақ ұлттық аспаптар ор-
кестрінің жетекшісі, филармония
директоры, республиканың еңбек
сіңірген артисі, т.б. Құдайбергеннің
зайыбы Раушанның естелігінде
мынадай жолдар бар: «Рас, бала-
ларымның алдында Құдайбер-
геннің туған інісі Ахмет болды.
Қолынан келгенін аямай, шыр-пыр
болған Ахметтің өзіне сол жылдар
оңай болды ма?.. Ауылдық Совет-
тер туу туралы күелік бермейтін
ертерек кезде туған Ғазиза мен Бо-
латтың Құдайбергеннің емес, өз
баласы екенін дәлелдей алмай,
жұмысынан, партия қатарынан
қуылды емес пе?..».

Беріге келсек... «Социалистік
Қазақстан» газетіне «Музыка
ғылымындағы менің күрделі қате-
ліктерім» (1951 жыл 28 қыркүйек)
деп мақала жазғаны бар, Қазақ
ССР Министрлер Кеңесі жанын-
дағы Өнер жөніндегі басқармасы-
ның бұйрығымен Құрманғазы
атындағы Алматы мемлекеттік
консерваториясының ректоры
қызметінен босатылғаны бар, 1952
жылдың қыркүйегі мен 1954 жыл-
дың наурыз аралығында Мәскеу
мен Ленинградты саялауға мәжбүр
болғаны бар, құтсыз жылдардың
құрмалдығы болуға іштей дайын-
далған кезі көп екен.

Ахмет Жұбанов туралы көп ес-
теліктер бар. Бірақ терезесі тең

ған ғой. Содан да...

Содан да А.Жұбановтың «әде-
биеттің де алтын қазынасына» ай-
налған (Ғабиден Мұстафин) әлгі
кітаптарында («Ғасырлар пер-
несі», «Заман бұлбұлдары», «Ән-
күй сапары», т.б.) қазақтың түбі
(демек, ән-күйі) қайдан шыққаны
туралы ыстық лепті әңгіме аз.
Салқын мінезді баяндаулар, сақ
тіркестер. Белі бесіктен кейін кө-
терілген Батыстан озып туған дала-
лық музыкалық мұралардың ар-
тықшылықтарын да, амал жоқ,
Еуропа, орыс ғалымдарының
аузымен айтқызады. Өйткені
«Кісен ашқан» мен «Көкілді» әйтпе-

ұранның буына бөртіп, Абайды
феодалға жатқызып, ежелгі
әндерді ескілік ошағына отын
қылуға әуестенген әулекіліктен шо-
шынып, басар тауы беймағлұм
шаруаға бас тікпеске шарасы қал-
маған сыңайлы: «Сен жанба-
саң?...» Құрманғазы мен Жаяу
Мұсаның патша ағамның озбыр-
лығына көнгісі келмегенін сылтау
етіп, оларға Дәулеткерей мен
Тәттімбетті жалғап, қол-аяғы бай-
ланған Біржан мен Құлагерін жоқ-
таған Ақанды тұздық етіп, түлкі
бұлаңға салып баққан. Сонда да
қазақы қызғаныштың қызыл иттері

аяғын аңдап баспас амалы қалып
па еді. Жүмекен Нәжімеденовтің
«Күй кітабында» «Ахмет Жұба-
нов» деп аталатын тарау бар. Бір
шумағы: «Өзін бірақ қоймады ма-
құлдатпай, жырға қостық сол
үшін атын баптай, берімізді іздеді
ол күні-түні, бірімізді маңына жа-
қындатпай...» Қайдан жақындат-
сын!? Кімге сеніп сыр айтсын?!

Дегдар Асқар Сүлейменов «Ин-
теллигенция болмысындағы нен-
дей ерекшеліктерді атар едіңіз»
деген сауалға кезінде: «Бір ерек-
шелік бар — қасиет, бір ерекшелік
бар — мін. Плюс пен минус. Ал-
дыңғысы қашпас, мен соңғысын
атайын. Ол — үрейшілдігі. Әріден,
сон-о-оу жанын қан жеңген Кене-
сары-Махамбеттің асу кезінен бері
келе жатқан, еттен өткен, сүйекке
жеткен, сүйектен өтіп жілік май мен
жұлынды мұздатқан үрей. Көз
жұмған күндері де беймағлұм Ахаң
Байтұрсынов пен Тұрар Рысқұ-
ловтардың қарақұсынан ба, шеке-
сінен бе, жүрегінен бе ұясын тап-
қан т о ғ ы з грамм қорғасынның
үрейі. Мұның соңғы бір дәлелі —
декабрь 86, сондағы интеллиген-
ция қауымының көрсеткен
«ерлігі»...

85-ші жылғы демократиялық
ұрандардан соң да қазақы интел-
лигенцияның қауқары әлгідей «ер-
лікке» (тырнақша ішіндегі ерлік)
ғана жеткен шақта, елуінші-алпы-
сыншы жылдарғы үрейлерді Ахмет
Жұбанов қайтіп жалғыз жеңсін!?

Үлкен екінші сол, Ахмет Жұба-
нов қазақ музыка өнеріне қатысты
шын пікірлерін ақиқат толғамдарын
ішіне бұғумен кетіпті. Қағазға
түсірмегені өз алдына, төңірегіне де
сыр шашпағанға ұқсайды. Тағы бір
үлкен екінші, соңынан еріп өржеткен
ағасы Құдайберген туралы ірі әңгіме-
лер айта алмапты. Біздің ұлттық
өнеріміздің мәңгі бармақ тістеп өтетін
бір тұсы осы.

Ахмет Жұбанов үрейі — тарихтың
ащы сабақтарының бірі. Сол үрейдің
ізі мына біздің азаттық алып, тасы-
раңдаған тірлігімізде түбегейлі жоқ
дел және ешкім айта алмайтын шы-
ғар-ау...

Динмұхамед ҚОНАЕВ

... 1952 жылы сәуір айының 16-17-сі
Қазақ КСР Ғылым академиясының
жаппы жиналысының сессиясы
болып өтті. Сессияның бірінші күні
Қазақ КСР Ғылым академиясының
толық мүшесі М.П.Русаковтың
және А.Жұбановтың, сондай-ақ Қазақ
КСР Ғылым академиясының корреспон-
дент-мүшесі Қ.Жұмапиевтің амағынан айыру мәселесін
қарады.

Жоғарыда жазғандай, М.П.Русаков Қазақстан геология
ғылымының қамуына зор үлес қосқан ағам. Оған: «КСР
Одағына қарсы бағытталған әрекеттері үшін» қезеген
ауып тағызды. Жазықсыз жапаға қшырағанғардың қан-
дай қасірет шеккенін қайталап, еске салуың өзі де азап.
А.Қ.Жұбанов пен Қ.Жұмапиев «Қазақ КСР Ғылым Акаде-
миясынан байланысын қзгені» үшін қуғынға қшырап,
жапа шекті...

... Бүлтсыз күнгі найзағайдың зәре-құлтты кетіргені сон-
ша, М.Әуезов, А.Жұбанов және басқа да аяулы азамат-
тар туған елін тастамай қашып, орталықтағы дос-жа-
ранқарын паналай тұруға мәжбүр болды. Байтап түзілі
бас қайғы болған осындай құрбелеңде еп ағапары отқа
май құйып отырғаны, әрине, өкінішті-ақ еді...

(«Ақиқаттан аттауға болмайды», 131-134 беттер.
«Санат» баспасы, 1994 жыл).

